

**Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің
20.02.2019 жылғы жалпы отырысының
стенограммасынан үзінді көшірме
Отырысты Қазақстан Республикасы Парламенті
Мәжілісі Төрағасының орынбасары
Г.И. ИСИМБАЕВА жүргізді.**

**Выписка из стенограммы пленарного заседания
Мажилиса Парламента Республики Казахстан
от 20.02.2019 года
Вела заседание Заместитель Председателя Мажилиса
Парламента Республики Казахстан
ИСИМБАЕВА Г.И.**

ТӨРАҒАЛЫҚ ЕТУШІ. Келесі мәселе – «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік қызмет және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы жөнінде (бірінші оқылым). Баяндама жасау үшін сөз Парламент Мәжілісінің депутаты, Халықаралық істер, қорғаныс және қауіпсіздік комитетінің мүшесі Бектұрғанов Ерсұлтан Өтеғұлұлына беріледі.

БЕКТҰРҒАНОВ Е.Ө. Құрметті Гүлмира Истайбекқызы! Құрметті әріптестер! Өздеріңіз білесіздер, 2015 жылы «100 нақты кадам» Ұлт жоспарын орындау шеңберінде «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» жаңа Заң қабылданып, онда мемлекеттік аппаратты кәсіби және автономды етуге бағытталған негізгі шаралар іске асырылды.

Содан бері өткен кезең ішінде осы заң жобасының уақыт талабына сай болғанын және де оның оң нәтижелерін көрудеміз.

Ең алдымен атап өткім келеді. Меритократия нәтижелілік және құзыреттілік тәсілі қағидағтарына негізделген жаңа заң қолданысқа енгізілген кезден бастап үш сатылы іріктеу жүйесін енгізу жолымен мемлекеттік қызметке кіру рәсімі жаңғыртылды.

Өткізілген конкурстық рәсімдердің қорытындысы бойынша үш сатылы конкурстан өтіп, алғаш рет мемлекеттік қызметке кірген 8 мыңнан астам адам төменгі лауазымдарға тағайындалды.

«Ішкі конкурс» тетігінің енгізілуіне байланысты ендігі жерде қызметші тек тиісті дағдысы, білімі мен икемі, сондай-ақ төмен тұрған лауазымдарда жұмыс тәжірибесі болғанда ғана мансап баспалдақтарымен көтеріле алады.

Өткен жылдың өзінде бос лауазымдарға орналасуға арналған ішкі конкурстардың қорытындысы бойынша 6 мың 167 қызметші төмен тұрған лауазымдардан жоғары тұрған лауазымдарға көтерілді. Басқа мемлекеттік органдардан ауыстыру ретімен келетіндердің саны онға жуық есе

қысқартылды. Осылайша конкурстан тыс тағайындау саны барынша азайтылды.

Осы заңда әдеп жөніндегі уәкіл институты құрылып, оның жұмысы регламенттелді. Ол заңнаманы түсіндіру, ұжым ішіндегі өзара қарым-қатынаста іскерлік мәдениетін қалыптастыру арқылы әдептік құқық бұзушылықтардың профилактикасын жүзеге асыруға жұмыс жасайды. 2018 жылдың өзінде 5 мыңға жуық мемлекеттік қызметші әдеп жөніндегі уәкілге өтініш жасап, одан қажетті консультация мен көмек алған.

Дегенмен уақыт бір орнында тұрған жоқ, ал Қазақстанның мемлекеттік қызметі тұрақты жаңғыру шараларын қолдануды талап етеді. Жақында ғана еліміздің Ата Заңына өзгерістер енгізіліп, орталық және жергілікті мемлекеттік органдардың жауапкершілігі мен дербестігі күшейтілді. Мемлекеттік билікті орталықсыздандыру және кейбір функцияларды мемлекеттік органдарға беру жөнінде заңдар қабылданды. Аталған өзгерістер мемлекеттік қызмет туралы қолданыстағы заңнамаға түзету енгізу қажеттігін алға тартып отыр.

«Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» Заңның жұмыс істеуін талдау мақсатында «Нұр Отан» партиясында партиялық тыңдау да өткізілді. Қолданыстағы заңнаманың көптеген аспектілері Халықаралық істер, қорғаныс және қауіпсіздік комитетінде барлық мүдделі мемлекеттік органдар мен өзге де ұйымдар өкілдерінің қатысуымен өткен кеңейтілген дөңгелек үстелде талқыланды. Осы шаралардың қорытындысы бойынша «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» Заңның нормаларында орын алып отырған проблемалар мен құқықтық коллизиялар анықталды.

Осыған байланысты Мәжіліс пен Сенаттың бірнеше депутаттары депутаттық бастама жасап, қолданыстағы заңнамаға қажетті өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы шешім қабылдады.

Бүгінгі күні осы заң жобасы біздің комитетте құрылған жұмыс тобында қаралып жатыр. Оның шеңберінде депутаттар мемлекеттік қызметті өткеру процестерін оңтайландыруға және жекелеген шешімдерді қабылдауда мемлекеттік органдарға дербестік беруге бағытталған ұсыныстар беруде.

Атап айтқанда, біріншіден, тиісті өңірлік мемлекеттік органдардың басшылары лауазымына конкурстық іріктеуден ойдағыдай өткен кандидаттарды уәкілетті орталық мемлекеттік органдармен келісу практикасын алып тастау қажеттігі қарастырылды. Себебі «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» Заңға сәйкес конкурстық комиссияның оң қорытындысын алған үміткер тиісті лауазымға сөзсіз орналасу мүмкіндігіне ие болады. Анығырақ айтқанда, конкурстық комиссияның шешімі конкурс жеңімпазын бос лауазымға тағайындау үшін негіз болып табылады және бұл қосымша келісуді талап етпейді. Бірақ жоғарыда айтылған өңірлік басшыларды тағайындауға министрліктердің,

орталық уәкілетті органдардың да конкурсқа дейінгі іс-шаралар арқылы (атап айтқанда, біліктілік талаптарын дайындап, бекіту кезінде және конкурстық комиссияның жұмысына қатысу арқылы) толық қатысуына мүмкіндік беретін нормаларды қарастырып отырмыз.

Екіншіден, бүгінгі күні заң талаптарына сәйкес сынақ мерзімі арнайы тексерудің оң нәтижесі алынғаннан кейін ғана есептеле бастайды. Дәл сол кезден бастап конкурстан өтіп қызметке кірген адам мемлекеттік қызметші болып саналады. Бұл ретте арнайы тексеру жүргізу мерзімі үш айға дейін созылады. Ал сынақ мерзімі үш айдан басталып, кейбір жағдайларда алты айға дейін созылуы мүмкін. Соның салдарынан азаматтар тоғыз айға дейін тағайындалудан өтпей, қызметші өзіне тиесілі әлеуметтік қолдауларды толық ала алмайды. Соған байланысты біз сынақ мерзімін еңбек шарты қолданыла бастаған кезден немесе конкурстан өтіп келген азаматтың жұмысқа келген күнінен бастап есептеуді ұсынып отырмыз.

Үшіншіден, конкурстық және бірыңғай конкурстық комиссияларды құру тәртібін регламенттеу қажеттілігі бар. Қазіргі таңда мемлекеттік органның басшысы әрбір конкурстық іріктеу өткізген сайын осы комиссияны қайтадан құрады. Бұл қосымша қағазбастылықты көбейтіп, комиссияның жоспарлы жұмыс істеуіне кедергі жасайды. Депутаттар осы рәсімді конкурстық рәсімдер аясынан шығарып тастап, тұрақты түрде жұмыс істейтін конкурстық комиссиялар құру мен олардың жұмыс істеуін оңтайландыруды ұсынады.

Төртіншіден, заң жобасында «Нұр Отан» партиясының мемлекеттік қызмет істері жөніндегі уәкілетті органға өңіраралық ротацияны үйлестіру мәселесін жүктеу туралы ұсыныстары да енгізіліп отыр.

Бесіншіден, мемлекеттік қызметшінің қандай жағдайда мемлекеттік қызметке қайтадан кіруші болып табылмайтынын айқындайтын нормалар нақтыланады. Бұл түзетуге басқа мемлекеттік органға орналасу үшін конкурстан өтсе де, таза объективті себептермен бір күн ішінде бір мемлекеттік органнан шығып, басқа органға ресімделіп үлгермейтін мемлекеттік қызметшінің жағдайы негіз болып отыр. Аталған түзету мемлекеттік қызметшінің бұрынғы лауазымынан шыққаннан кейін келесі күні басқа лауазымға орналасуына мүмкіндік береді. Бұл оны қайтадан арнайы тексеруден өтуден, сынақ мерзімінен және салықтық декларация тапсырудан босатады.

Алтыншыдан, заң жобасының бірқатар түзетулері құқықтық олқылықтар мен коллизияларды, оның ішінде мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті орган атауының өзгеруіне байланысты, Парламент депутаттары мен мемлекеттік қызметшілердің ант беруі жөніндегі нормаларды Мемлекет басшысы бекіткен қағидаларға сәйкес келтіруге бағытталған.

Жетіншіден, қарамағында қызмет істейтін адам сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасаған кезде басшының жеке тәртіптік жауапкершілігін арттыруға байланысты нормалар, сондай-ақ квазимемлекеттік секторда сатып алу саласында жұмыс істейтін адамдарды сыбайлас жемқорлық субъектілеріне жатқызу мәселесі пысықталуда.

Мемлекет басшысының Жастар жылын салтанатты ашу рәсімінде берген тапсырмасына сәйкес «Дипломмен ауылға» бағдарламасының кейбір нормаларын ауылдық жерде жұмыс істегісі келетін жас мемлекеттік қызметшілерге қолдану ұсынылып отыр.

Заңнамаға ұсынылған осы түзетулердің барлығы қазір қаралу үстінде және олар екінші оқылымға дейін мүдделі мемлекеттік органдармен бірге пысықталып, заң жобасының түпкілікті редакциясына енгізіледі деп ойлаймыз.

Құрметті әріптестер! Осы заң жобасын қабылдау мемлекеттік қызметшілердің әлеуметтік қорғалуын арттырып, сонымен қатар олардың жауапкершілігін күшейтуге, кадрларды іріктеу жүйесін жетілдіруге, мемлекеттік органдардың кадр мәселелерін шешуде ұтқырлық танытуына, сондай-ақ меритократия қағидаттарын күшейтіп, халықтың мемлекеттік қызметке деген сенімін арттыруға ықпал етеді деп есептейміз.

Назар қойып тыңдағандарыңызға рақмет.

ТӨРАҒАЛЫҚ ЕТУШІ. Рақмет, Ерсұлтан Өтеғұлұлы.

Баяндама аяқталды. Енді, құрметті әріптестер, сұрақ беру рәсіміне көшеміз. Сөз депутат Айсина Майра Арапқызына беріледі.

АЙСИНА М.А. Рақмет, құрметті Гүлмира Истайбекқызы.

Қаралып отырған заң жобасы мемлекеттік қызметті өткеру рәсімін жетілдіруге мүмкіндік береді. Ал ол өз кезегінде мемлекеттік басқару жүйесін дамытуды құқықтық жағынан қамтамасыз етуге өз үлесін қосады. Сондықтан бар әріптестерімді осы заң жобасын қолдауға шақырамын. Дегенмен бір нақтылайтын сұрағым бар.

Құрметті Ерсұлтан Өтеғұлұлы, заң жобасына мемлекеттік қызметшілердің сынақ мерзімінен өтуіне қатысты біраз түзетулер енгізілді, жаңа оны өзіңіз де айтып кеттіңіз. Оларды өзге функционалдық міндеттер мен лауазымға тағайындаған жағдайда жаңа сынақ мерзімі белгіленеді. Ол, әрине, дұрыс. Егер сынақ мерзімінен өтетін қызметші төмен тұрған лауазымға тағайындалса, бұл қалай болмақшы? Мысалы, қызметкер бас сарапшы лауазымына сынақ мерзімінен өте отырып, екі айдан кейін төмен тұрған сарапшы лауазымына ауысса, бұл жағдайда жаңа сынақ мерзімі белгілене ме? Осыны анықтап берсеңіз. Рақмет.

БЕКТҰРҒАНОВ Е.Ө. Майра Арапқызы, сұрағыңызға рақмет.

Жалпы, бұндай жағдай сирек кездеседі, бірақ кездесуі мүмкін. Егер ауысқан лауазымының функционалдық талаптары басқаша болса, басқа құрылымға өтетін болса, ол кезде жаңадан сынақ мерзімі енгізіледі. Егер

өзгермейтін болса, онда сынақ мерзімі енгізілмейді.

ТӨРАҒАЛЫҚ ЕТУШІ. Сөз депутат Оспанов Берік Серікұлына беріледі.

ОСПАНОВ Б.С. Рақмет, құрметті Гүлмира Истайбекқызы.

Менің сұрағым Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің өкіліне арналады.

Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев 2018 жылы 5 қазандағы Қазақстан халқына Жолдауында қарамағындағылар сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасаған кезде басшылардың дербес жауапкершілігі мәселесін пысықтауды тапсырылған болатын. Осыған байланысты депутаттар заң жобасына тиісті түзетулер енгізді. Мәселен, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың алдын алу бойынша шаралар қабылдамаған жағдайда басшыны тәртіптік жазаға тарту ұсынылып отыр.

Осы түзету бойынша уәкілетті органның ұстанымы қандай? Осы мәселе бойынша не айтасыз? Рақмет.

ТӨРАҒА. Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі төрағасының орынбасары Айгүл Амантайқызы Шайымова.

ШАЙЫМОВА А.А. Берік Серікұлы, сұрағыңызға рақмет.

Ең алдымен мен депутаттарға алғысымды білдіргім келеді. Бүгінгі қаралып отырған заң жобасы өте күрделі және мемлекеттік қызмет жүйесі үшін өте маңызды болып табылады.

Бұл өте күрделі әрі маңызды сұрақ. Біз агенттік тарапынан өзіміз оны қолдаймыз. Атап айтсам, сіздер өте теңестірілген тетіктерді әзірледіңіздер. Мысалы, бірінші басшы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шараларды қамтамасыз етсе, оның өзі сондай фактілерді анықтаса, ол негізгі тәртіптік жазаға тартылмайды. Бірақ ол жұмыс жасамаса, оның қарамағында істеп жатқан қызметкерлер паракорлық үшін жазаланса, сотталса, онда міндетті түрде қызметтік тексеріс өткізіледі. Соның негізінде тәртіптік жазаға тартылатыны, тартылмайтыны анықталады. Негізі бұл түзету маңызды. Ең алдымен Елбасының тапсырмасы іске асырылуда. Менің ойымша, бұндай тәсіл басшылардың жауапкершілігін арттырады және сыбайлас жемқорлыққа жол бермейді.

ТӨРАҒАЛЫҚ ЕТУШІ. Қарамағындағы қызметкерлер сыбайлас жемқорлық бойынша анықталса немесе жазаға тартылса, бірінші басшыны жазаға тарту туралы депутаттардың ұсынысын сіздер қолдап отырсыздар ма, жоқ па? Соны айтсаңыз.

ШАЙЫМОВА А.А. Біздің агенттік өз тарапынан ол түзетуді қолдайды.

ТӨРАҒАЛЫҚ ЕТУШІ. Рақмет.

Сөз депутат Жамалов Аманжан Мәкәрімұлына беріледі.

ЖАМАЛОВ А.М. Спасибо, уважаемая Гульмира Истайбековна.

Уважаемый Ерсултан Утегулович! Законопроектом предлагается вывести из числа государственных служащих, проходящих процедуры испытательного срока, акимов городов районного значения, сельских округов, поселков и сел, не входящих в состав сельского округа.

При этом полагаю, что испытательный срок для впервые поступающих на государственную службу, в том числе и поступающих на выборные должности, является эффективным инструментом для проверки их адаптации к требованиям государственной службы.

В этой связи поясните, пожалуйста, не станет ли отсутствие испытательного срока в данном случае причиной поступления на государственную службу недостаточно подготовленных и компетентных людей? Спасибо.

БЕКТҰРҒАНОВ Е.Ө. Спасибо за вопрос.

Как Вы знаете, до 2013 года акимы данного уровня являлись политическими государственными служащими, но в связи с изменением реестра сегодня они относятся к корпусу «Б».

В целом акимы данного уровня проходят очень тщательный отбор. Акимов районов на альтернативной основе с согласия собрания сообщества представляют на избрание. Это первый этап.

Если они не справляются с должностными обязанностями, собрание сообщества может в любое время инициировать их освобождение. Такого порядка для корпуса «Б» нет.

Поэтому я думаю, что установление испытательного срока для этих категорий нецелесообразно.

ТӨРАҒАЛЫҚ ЕТУШІ. Сөз депутат Жылқышиев Байділде Жылқышыұлына беріледі.

ЖЫЛҚЫШИЕВ Б. Рақмет, құрметті Гүлмира Истайбекқызы.

Менің сұрағым Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің және Қаржы министрлігінің өкілдеріне арналады.

Қазіргі кезде орталық – өңірлерде және өңірлерде – орталық деңгейде мемлекеттік қызметшілерді ротациялау тәжірибесі бар, ол бойынша азды-көпті жұмыс жасалып жатыр. Ал енді қаралып отырған заң жобасында мемлекеттік әкімшілік қызметшілерді өңіраралық ротациялау мәселесінде Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігіне қосымша функция беріліп отыр. Осыны бекітіп беру сіздерге жүктеліп отыр. Осыған байланысты сұрағым бар.

Айгүл Амантайқызы, осы үйлестіру нені білдіреді, ол іс жүзінде қалай іске асырылады? Осыны түсіндіріп берсеңіз.

Екінші сұрақ Қаржы министрлігінің өкіліне. Осы ротацияға жататын мемлекеттік қызметкерлер басқа өңірлерге қоныс аударады, сонда олардың тұрғын үй мәселесі қалай шешіледі? Және басқа да тұрмыстық

аспектілерін шешу үшін қаржылық мәселе қаралды ма? Бұл мәселе бойынша депутаттар Үкімет басшысына депутаттық сауал жолдаған болатын. Белгілі бір жұмыстар атқарылатыны жөнінде жауап алғанбыз. Осы мәселелер іс жүзінде қалай орындалады? Рақмет.

ТӨРАҒАЛЫҚ ЕТУШІ. Айгүл Амантайқызы Шайымова.

ШАЙЫМОВА А.А. Байділде Жылқышыұлы, сұрағыңызға рақмет.

Қазіргі кезде үйлестіру жұмыстары келесі бағытта ұйымдастырылады. Ротациялауға жататын лауазымдар орталық деңгейінде – департамент басшылары және де жергілікті департаменттердің басшылары, ал өңірлік деңгейінде – облыстық басқарма басшылары.

Қазіргі қандай лауазымдардың бос екені, бос емес екені жөнінде ресми түрде еш жерде ақпарат жарияланбайды. Сондықтан агенттікте сол деректерді жинап, бірыңғай ақпараттық жүйе жасалатын болады. Қажеттілік болған кезде мемлекеттік органдар біздің агенттікке сұраныс жасайды, сол сұраныс бойынша біз сондай деректерді береміз. Мемлекеттік органдар сол тізімнен керекті үміткерлерді таңдап, бізге келісуге жолдайды. Агенттіктің құзыреті шеңберінде біз оларды біліктілік талаптарына сай келетінін, сай келмейтінін анықтап, тағайындауға келісім береміз. Рақмет.

ТӨРАҒАЛЫҚ ЕТУШІ. Ол тек горизонталды жылжитын болса, қалай болады?

ШАЙЫМОВА А.А. Өңіраралық ротациялау.

ТӨРАҒАЛЫҚ ЕТУШІ. Соны айтып отырмын. Енді өңірден өңірге, мысалы, денсаулық басқармасының немесе білім басқармасының бастығы бір өңірден екінші өңірге тура сол қызметке баратын болса да сіздерден келісім алу керек пе?

ШАЙЫМОВА А.А. Иә, біз біліктілік талаптарына сай үміткердің біліктілігі сол лауазымға сай келетінін, келмейтінін қараймыз, соған келісім береміз.

ТӨРАҒАЛЫҚ ЕТУШІ. Жоқ, ол бірдей қызмет қой, тек біреуі Қызылорда облысында, біреуі Түркістан облысында.

ШАЙЫМОВА А.А. Заңда көзделген талап сондай. Ол біздің құзыретіміз.

ТӨРАҒАЛЫҚ ЕТУШІ. Қаржы вице-министрі Берік Шолпанқұлұлы Шолпанқұлов.

ШОЛПАНҚҰЛОВ Б.Ш. Бүгінгі таңда қаражаттар көзделмеген. Осы енгізіліп жатқан нормалар өте жақсы. Бюджет кодексінің 5-бабына сәйкес оны Республикалық бюджет комиссиясына ұсыну керек.

ТӨРАҒАЛЫҚ ЕТУШІ. Республикалық бюджет комиссиясына енгізу үшін ең алдымен сіздер оның санын білулеріңіз керек қой. Білесіздер ме?

ШОЛПАНҚҰЛОВ Б.Ш. Алдын ала есептер бойынша тұрғын үй төлемдерін беру үшін 637 миллион теңге, ол үш жылға көзделген. 2019 жылға 96,8 миллион теңге. Көтерме жәрдемақы 345 миллион теңге, 2019 жылға 60 миллион теңге. Осындай есептер бізге енгізілген, ол Республикалық бюджет комиссиясына енгізіледі.

ТӨРАҒАЛЫҚ ЕТУШІ. Ол қанша маманға? Айтқан сомаңыз қанша маманды, қанша өңірді қамтиды?

ШОЛПАНҚҰЛОВ Б.Ш. Оны агенттіктің өкілі айтсын.

ТӨРАҒАЛЫҚ ЕТУШІ. Шайымованың микрофонын қосыңыз.

ШАЙЫМОВА А.А. Жыл сайын 79 қызметкер өңіраралық ротациялауға жатады.

ТӨРАҒАЛЫҚ ЕТУШІ. Жыл сайын 79 маман.

Депутат Жылқышиев.

ЖЫЛҚЫШИЕВ Б. Гүлмира Истайбекқызы, мен Қаржы министрлігі өкілінің жауабын түсінбедім. Қазіргі таңда оған қаржы қаралмаған дейді. Ал бұл мәселе бүгін көтеріліп отырған жоқ, бұл кеше көтерілген жоқ. Жақсы, ротация болмай-ақ қойсын, бірақ мемлекеттік қызметшілерге қызметтік тұрғын үй беру мәселесі бар. Осы мәселенің шешілмей келе жатқанына біраз уақыт болды. Мен депутаттық сауалда да айтқанымын. Бұл мәселеге ауылдың әкімінен бастап облыстың әкіміне дейін қатысы бар. Ол жерге облыстың әкімі бара ма, ол қайда орналасады, қандай фирмадан үй алды деп қарап отырады бәрі. Өзімізге өзіміз сөз тауып береміз. Ал қазір ол мәселе әлі қаралған жоқ, Республикалық бюджет комиссиясында қаралу керек деп жауап беріп отыр. Бұл сұрақ бүгін туып отырған сияқты. Депутаттық сауалымызға берілген жауапта осындай өңірлерде мұнша пәтер бар деген. Өңірден келген азаматтар, қай жерде қызметтік пәтер тұрғанын көрсетіп беріңіздерші, мысалы, мына облыста мұнша қызметтік пәтер бар деп. Ондай пәтерлер жоқ.

ТӨРАҒАЛЫҚ ЕТУШІ. Байділде Жылқышыұлы, Сіздің айтып отырғаныңыздың бәрі орынды, дұрыс. Біз бұл норманы қазір енгізіп отырмыз. Осыдан кейін де Қаржы министрлігі мен агенттік бірлесе отырып оны қамтамасыз ету шараларын қабылдаса, ол да әлі кеш болмайды.

Сөз депутат Қаракен Құралай Әнуарқызына беріледі.

ҚАРАКЕН Қ.Ә. Спасибо, уважаемая Гульмира Истайбековна.

Мой вопрос адресован докладчику и представителю Агентства по делам государственной службы и противодействию коррупции.

Как известно, процесс формирования государственных служащих корпуса «А» начался в 2012 году. На протяжении пяти лет мы наблюдаем определенные изменения, например, в перечне должностей и порядке комплектования корпуса. В то же время законопроектом предусмотрены исключение института карьерного планирования и упразднение кадрового резерва корпуса «А».

Ерсұлтан Утегулович, поясните, пожалуйста, с чем связано такое решение?

Вопрос к представителю Агентства по делам государственной службы и противодействию коррупции: если мы упраздняем этот резерв, не возникнет ли в будущем вопрос об упразднении в целом корпуса «А»? Спасибо.

БЕКТҮРҒАНОВ Е.Ө. Спасибо за вопрос.

Я сейчас говорил в своем докладе, время диктует какие-то свои правила, все меняется. В связи с этим Указом Главы государства 5 апреля 2017 года была сокращена 241 должность корпуса «А». Сегодня остались всего четыре категории – две на региональном уровне и две на центральном уровне. Это ощутимые изменения, потому что те должности, которые были не связаны с управленческой функцией, переданы в корпус «Б». Сегодня остались только руководящие кадры (я уже сказал о четырех категориях).

Если идти дальше, то должности, на которые они должны продвигаться, уже политические. На политические должности по закону кадры только назначаются, конкурс на их замещение не объявляется.

В связи с сокращением численности и с тем, что остались только руководящие кадры, считаем нецелесообразным планировать карьерный рост и кадровый резерв для корпуса «А». Спасибо.

ТӨРАҒАЛЫҚ ЕТУШІ. Айгүль Амантайқызы Шайымова.

ШАЙЫМОВА А.А. Куралай Ануаровна, спасибо Вам за вопрос.

ТӨРАҒАЛЫҚ ЕТУШІ. Не приведет ли это к упразднению корпуса «А» в перспективе?

ШАЙЫМОВА А.А. Спасибо за вопрос и уточнение.

На самом деле предложенные поправки очень важны с точки зрения повышения эффективности деятельности корпуса «А». За эти годы мы видим, что он себя оправдал и показал только с положительной стороны. Сегодня он уже выступает как гарант преемственности, во-первых, на государственной службе и автономности от политических преобразований.

Если рассмотреть небольшой пример, когда в министерствах была введена должность ответственного секретаря, то была обеспечена стабильность кадрового состава. На момент введения сменяемость кадров в министерствах составляла 17 процентов. Сейчас сменяемость составляет 6,5 процента. То есть в разы произошло сокращение оттока кадров из министерств.

Поэтому мы говорим о том, что, наоборот, предложенные сегодня поправки будут способствовать и станут залогом для дальнейшего развития института корпуса «А». Спасибо.

ТӨРАҒАЛЫҚ ЕТУШІ. Сөз депутат Аманжолова Зәуреш Жұманәліқызына беріледі.

АМАНЖОЛОВА З.Ж. Рақмет, құрметті Гүлмира Истайбекқызы.

Менің сұрағым Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі өкіліне арналады.

Қазіргі уақытта орталық мемлекеттік органдарда, олардың аумақтық бөлімшелерінде, сондай-ақ барлық деңгейлердегі әкімдіктерде бос лауазымдарға орналасуға арналған конкурстық комиссия өткізеді. Әр конкурс өткізілген сайын жаңа комиссия құрылып отырады. Осы заң жобасындағы жаңалықтардың бірі – облыстарда, қалалар мен аудандарда бірыңғай конкурстық комиссия құру туралы норма. Бұл ретте конкурс өткізу тәртібін және конкурстық комиссия құруды уәкілетті орган айқындауы тиіс.

Осы қарастырылған норма іс жүзінде қандай нәтиже береді? Комиссия құрамындағы адамдардың кәсіби деңгейі, мысалы, әртүрлі саладан келген адамдардың білімі мен біліктілігіне баға бере алатындай олардың компетенциясы бола ма? Рақмет.

ТӨРАҒАЛЫҚ ЕТУШІ. Айгүл Амантайқызы.

ШАЙЫМОВА А.А. Сұрағыңызға рақмет.

Біріншіден, конкурстық мерзімдер қысқартылады, екіншіден, бос лауазымдарды жедел түрде толтыруға әсері болады. Өздеріңіз білесіздер, бірқатар мемлекеттік органдарда онтайландыру жүргізілуде. Сол жұмыс шеңберінде бірқатар мемлекеттік органдар бірыңғай персоналды басқару қызметін құрды. Мысалы, қазіргі кезде Қызылорда облысында бірыңғай персоналды басқару қызметі құрылған, ал Атырау облысында ондай қызмет жоқ. Атырау облысы мен Қызылорда облысын салыстырсақ, штат санының айырмашылығы көп емес, бірақ бос лауазымдарды толтыру Қызылорда облысында бірыңғай персоналды басқару қызметі болғандықтан тез жүреді. Қазіргі кезде Қызылорда облысымен салыстырғанда Атырау облысында бос лауазымдар бес есе артық. Сондықтан бұл өзгеріс жедел түрде бос лауазымдарды толтыруға әсер етеді. Рақмет.

ТӨРАҒАЛЫҚ ЕТУШІ. Бірыңғай персоналды басқару қызметінің құрамы өзгеріп тұра ма, жоқ па?

ШАЙЫМОВА А.А. Жоқ.

ТӨРАҒАЛЫҚ ЕТУШІ. Ал ол мамандықтар әртүрлі ғой.

ШАЙЫМОВА А.А. Керек кезінде қажетті сарапшыларды тартуға болады. Рақмет.

ТӨРАҒАЛЫҚ ЕТУШІ. Жақсы.

Ерсұлтан Өтеғұлұлы, Сіздің қосарыңыз бар ма?

БЕКТУРГАНОВ Е.У. Жалпы, барлығын Айгүл Амантайқызы айтып кетті. Мысалы, бүгін конкурс жарияласақ немесе он бес күннен кейін конкурс жарияласақ, бүгін бір комиссия құрамыз, он бес күннен кейін тағы бір комиссия құрамыз, сөйтіп қағазбастылық көбейіп кеткен. Сондықтан бір конкурстық комиссия өзінің жұмысын жоспарлы түрде істеу үшін бұл

өте қолайлы деп есептейміз. Бірақ оның құрамын өзгертіп тұру басшының қолында, яғни ол қай кезде кімді кіргіземін, кімді шығарамын десе, ол басшының шешімімен болады.

ТӨРАҒАЛЫҚ ЕТУШІ. Рақмет.

Сөз депутат Нұркина Айгүл Қабдешқызына беріледі.

НҰРКИНА А.Қ. Рақмет, құрметті Гүлмира Истайбекқызы.

Менің сұрағым баяндамашыға және Сыртқы істер министрлігінің өкіліне арналады.

Заңда өзінің қызметін халықаралық ұйымдарда жүзеге асыратын халықаралық қызметшілер уәкілетті комиссияның шешімімен кадр резервіне іріктеу жүргізілместен және конкурс өткізілместен мемлекеттік әкімшілік қызметке кіре алады деп көзделген.

Осыған байланысты айтыңызшы, бұл норма барлық лауазымдарға бірдей қолданыла ма? Және ол қазақстандықтар жұмыс істейтін халықаралық ұйымдардың барлығына қатысты ма? Рақмет.

ТӨРАҒАЛЫҚ ЕТУШІ. Ерсұлтан Өтеғұлұлы, Сіз бастасаңыз, сосын Сыртқы істер министрлігінің өкілі жауап береді.

БЕКТҰРҒАНОВ Е.Ө. Рақмет.

Барлық лауазымдардың конкурсыз өтуге құқығы жоқ. Барлық халықаралық ұйымдар ол тізімге кірмейді. Ол қандай халықаралық ұйымдар, оның тізімі қандай, онда қанша мемлекеттік қызметші жұмыс істейді, ол туралы Сыртқы істер министрлігінің өкілі айтып берсін.

ТӨРАҒАЛЫҚ ЕТУШІ. Сыртқы істер министрінің жауапты хатшысы Нұрлан Мұсатайұлы Сейтімов.

СЕЙТІМОВ Н.М. Рақмет.

Құрметті депутаттар, қазіргі таңда 37 халықаралық ұйымда 167 Қазақстанның азаматы қызмет етеді, оның ішінде 19 азамат квота арқылы, 142 азамат еркін конкурсқа қатысып, келісімшарт негізінде қызмет етеді. Ал 6 адам сол ұйымдарда арнайы іссапарда.

ТӨРАҒАЛЫҚ ЕТУШІ. Ал кез келген халықаралық мекемелерде қалай? Барлық халықаралық мекемеде жұмыс істейтіндер бұған ене ала ма деген сұрақ туындайды.

БЕКТҰРҒАНОВ Е.Ө. Бұлардың бәрі кірмейді. Егер халықаралық ұйым мен Қазақстан арасында келісімшартта Қазақстан жағынан сол ұйымда халықаралық қызметші жұмыс істейді деп көзделсе және ол шарт Қазақстан Республикасында ратификациядан өтсе, сол жағдайда ғана оның конкурсыз өтуге мүмкіндігі болады.

ТӨРАҒАЛЫҚ ЕТУШІ. Рақмет.

Сөз депутат Балиева Зағипа Яхьяқызына беріледі.

БАЛИЕВА З.Я. Большое спасибо.

Позвольте согласиться с Айгуль Амантаевной, что государственная служба становится все устойчивее и закон, который приняли, действительно работает. Спасибо коллегам, что они инициировали данный

законопроект.

Айгуль Амантаевна, мой вопрос к Вам. Все нормы действующего закона, конечно, направлены на устойчивость государственной службы. Люди проходят тестирования, проходят своего рода жизненный экзамен, должны поработать на всех стадиях, чтобы достигнуть определенных вершин.

Я поднимала вопрос на Политсовете, и Вы, наверное, его помните. Хотела бы сейчас услышать ответ. Вопрос по институту советников. Назначаются советники, они не проходят все эти стадии, берутся со стороны, а на них возлагаются государственные функции, они исполняют государственные функции, имеют доступ к секретам, имеют доступ к правительственной связи. Как сейчас обстоит дело с институтом советников? Как он регламентирован?

В письменном виде дайте мне, пожалуйста, ответ по всем государственным органам, сколько сейчас советников и откуда (из Аппарата ли они), откуда получают заработную плату и, вообще, что это за институт советников. Хорошо, если они в штатной численности, а если нет? Какие шаги у вас?

Второй вопрос. Кто-нибудь из первых руководителей наказан за нарушение действующего Закона "О государственной службе"? Предусмотрена ли у нас ответственность за нарушение статей Закона "О государственной службе"? Спасибо.

ТӨРАҒАЛЫҚ ЕТУШІ. Айгүл Амантайқызы Шайымова.

ШАЙЫМОВА А.А. Загипа Яхьяновна, спасибо за вопрос. На самом деле этот вопрос Вы неоднократно озвучивали, поднимали. Агентством проведена определенная работа по этому направлению. Даже сегодняшний законопроект, который мы рассматриваем, предусматривает ряд норм относительно совершенствования деятельности в части наложения определенных ограничений для советников первых руководителей. Вы правильно отметили, для них сегодня предусмотрена возможность внеконкурсного назначения на государственную службу, но при этом предусмотрено ограничение для дальнейшего перемещения этой категории лиц. Если его раньше не было, то сейчас мы поставили ограничение, что в последующем нельзя перемещаться при назначении на должность советника без конкурсного продвижения. Это касается тех советников, которые отнесены к категории административных государственных служащих корпуса «Б».

Что касается внештатных советников, то их деятельность регламентируется Трудовым кодексом и соответствующие ограничения предусмотрены данным законодательством.

Что касается привлечения к дисциплинарной ответственности, то могу привести небольшой пример относительно привлечения к ответственности первого руководителя областного уровня. Буквально в

конце года был освобожден от занимаемой должности руководитель Департамента юстиции города Астаны, подчиненные которого совершили ранее коррупционное правонарушение. С учетом того, что был вынесен обвинительный приговор суда и они были признаны виновными в совершении коррупционного правонарушения, было принято решение об освобождении этого должностного лица от занимаемой должности.

В целом, если говорить о нормах, которые предусмотрены в Законе "О государственной службе" в части привлечения к дисциплинарной ответственности, то предусмотрены нормы привлечения государственных служащих за нарушение этических норм, а также за совершение проступков, дискредитирующих государственную службу. Соответствующие статьи 44 и 50 предусмотрены в Законе "О государственной службе". Соответствующая статистика у нас имеется. При необходимости мы все в письменном запросе отразим. Спасибо.

ТӨРАҒАЛЫҚ ЕТУШІ. Құрметті депутаттар, сұрақтарымыз аяқталды.

Ерсұлтан Өтеғұлұлы, рақмет Сізге. Орныңызға отырыңыз.

Енді қосымша баяндама жасау үшін сөз Халықаралық істер, қорғаныс және қауіпсіздік комитетінің мүшесі депутат Чирков Михаил Владимировичке беріледі.

ЧИРКОВ М.В. Спасибо, Гульмира Истайбековна.

Уважаемые коллеги! Рассматриваемый законопроект был разработан нашими коллегами и поступил в Мажилис в июне прошлого года. Нельзя не отметить его актуальность в свете происходящих изменений в системе государственного управления.

Здесь уже было сказано, что были внесены изменения в Конституцию, произошла децентрализация некоторых функций, что, в свою очередь, повысило ответственность регионов и госорганов. Все это потребовало изменений и дополнений в действующее законодательство.

Так, например, законопроектом исключается послеконкурсное согласование с центральными исполнительными органами назначения руководителей местных исполнительных органов, совершенствуется сама система проведения конкурсов, за уполномоченным органом закрепляются дополнительные функции.

Всего же законопроектом вносятся дополнения и изменения в два кодекса и шесть законов Республики Казахстан. Все его основные моменты Ерсұлтан Утегулович изложил в своем выступлении.

Надо отметить, что во время работы над законопроектом были внесены предложения по пересмотру отдельных норм действующего закона, предусматривающие более четкий и эффективный механизм их реализации.

В числе важных вопросов, вызвавших активное обсуждение на заседаниях рабочей группы, был блок поправок, направленных на реализацию поручений Главы государства, озвученных в октябрьском Послании народу Казахстана. Это модернизация системы поступления на правоохранительную службу, введение дисциплинарной ответственности руководителей при совершении подчиненными коррупционных правонарушений и преступлений.

Также депутатами внесены поправки, связанные с ротацией государственных служащих, кадровым резервом, разработкой и утверждением квалификационных требований и многими другими вопросами.

На сегодня в рабочую группу было внесено более 100 поправок. Все они всесторонне обсуждены и проработаны с учетом позиций заинтересованных сторон.

Все комитеты Мажилиса представили свои положительные заключения по законопроекту.

Предлагаю коллегам его одобрить в первом чтении. Прошу поддержать.

ТӨРАҒАЛЫҚ ЕТУШІ. Спасибо, Михаил Владимирович.

Құрметті депутаттар, енді заң жобасын талқылауға көшеміз. Сөз депутат Яковлева Татьяна Ивановнаға беріледі.

ЯКОВЛЕВА Т.И. Спасибо, уважаемая Гульмира Истайбековна.

Уважаемые коллеги! В своей книге «Эра Независимости» Елбасы Нурсултан Абишевич Назарбаев отметил, что «государственная служба имеет важное значение для консолидации общества. Она должна стать прототипом справедливого казахстанского социума, где всем предоставляются одинаковые возможности для самореализации на основе принципа меритократии».

Анализ показывает, что на всем пути эволюции система государственной службы совершенствовалась с учетом требований определенного этапа развития.

Благодаря дальновидности Главы нашего государства, несмотря на небольшой исторический срок, Казахстану удалось сформировать современный профессиональный государственный аппарат, отвечающий передовым международным стандартам и способный вывести нацию в тридцатку развитых стран мира.

Очень важно, что проводимые Казахстаном реформы по внедрению принципов меритократии, компетентностного подхода, новой системы оплаты труда, развитию института старших государственных служащих соответствуют передовым международным практикам.

Вместе с тем существует необходимость дальнейшего совершенствования государственного аппарата Казахстана в русле мировых трендов, доказавших свою эффективность.

